

Әдістемелік бірлестіктің № 1 хаттамасы
27.08.2021

Күн тәртібінде:

1. Әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.
2. Жаңа оқу жылындағы білім беру ерекшеліктері
3. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Орыс тілі мен әдебиеті» әдістемелік бірлестігінің жетекшісі И.О.Тюлегенова сөз алып, 2021-2022 жылға арналған әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды. Орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша БЖБ, ТЖБ жұмыстарының орындалуы туралы айтты. Орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша әр оқу тоқсанында 2 БЖБ, 2 ТЖБ жұмысы алынады. 2021-2022 оқу жылына арналған тақырыптық күнтізбе жоспарын құрылуы және бекітілуі керектігі айтылды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша білім алушылардың оқу жүктемесін азайту; жүктеме 16 сағат болып бекітілді. 2-11 сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толтыру; Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізуді жетілдіру; Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды бағалау, білім алушыларға оқу бағдарламаларын бейімдеу; Инклюзивті орта мәдениетін қалыптастыру; «Оқуға құштар мектеп», «REDX», «Дебаттар», «Мектеп театры» жобаларын іске асыру.

Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелер бойынша оқытудың әр түрлі форматтарына (дәстүрлі, аралас, қашықтан) мұғалімдердің дайындығын қамтамасыз ету. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетілуі керектігі туралы айтып өтті. 2021-2022 оқу жылындағы мерейтойлық күнтізбелік күндерге назар аудару ұсынылды. 9 сыныптарда БЖБ ға дайындық жұмыстарын күшейту, 11 сыныптарда ҰБТ ға дайындық жұмыстарын жүргізуді күшейту керектігіне аса назар аударылды. 9-11 сыныптарды мемлекеттік емтиханға жыл басынан бастап дайындау керек.

Хатшы: Р.К.Амирханова

Әдістемелік бірлестіктің № 2 хаттамасы
25.10.2021

Күн тәртібінде:

1. Күнделіктің толтырылуы
2. Дәптердің дұрыс тексерілуі
3. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша И.О. Тюлегенова сөз алып, электронды журналдың дұрыс толтырылуын түсіндірді. Бағаларды уақытылы қою. Оқушыларды күнделікті бағалап отыру, кемінде 5 оқушы бағалану керек. Жиынтық бағалау балдарын қалай қою керектігін айтты. Күнтізбелік - тақырыптық жоспарды электронды жураналға көшіріп, үй тапсырмаларын уақытылы беріп отыру.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша дәптерлердің дұрыс тексерілуі туралы айтылды. Орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша екі жұмыс дәптері, бір сөздік дәптер арналады. Дәптердің сырты дұрыс толтырылуы (толық қазақ тілінде толтырылуы) керек. Дәптерге жазғанда бірінші жолдан бастау керек. Ай-күн аттарын жазған кезде бірінші ай аты жазылып, одан кейін күн жазылады. Ай-күн аттарынан кейін нүкте қойылмайды. Тапсырмаларды тексергенде қателерді үстінен сызып, тұсына белгілеп көрсету керек. Ескертулерді міндетті түрде жазу керек.

Әр түрлі мәселелер бойынша И.О. Тюлегенова сөз алып, мектепшілік, қалалық олимпиадаларға оқушыларды дайын керектігін айтты. Мектепшілік «Үздік педагог» сайысына әдістемелік бірлестіктен Д.А. Балабекова қатысады.

Хатшы: Р.К.Амирханова